

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 4 қараша N 2594. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 6 қазандағы N 2513 Жарлығының 3-тармағына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2 . < * >

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ күшін жойды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1997.05.15. N 3504 жарлығымен.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің 1995 жылғы
4 қарашадағы N 2594
Жарлығымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
тергеу комитеті туралы

Ереже

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті:

1) Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін Мемлекеттік тергеу комитеті органдарының біртұтас жүйесінде анықтауды, алдын ала тергеуді, экономикалық, лауазымдық және әскери қылмыстар жөніндегі істер бойынша, жедел іздестіру қызметін, ұйымдасқан қылмыс пен жемқорлыққа, сондай-ақ басқа да ерекше қауіпті қылмыстық көріністерге қарсы күрес жүргізетін жедел іздестіру қызметі мен олардан туындайтын өзге де функцияларды жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган болып табылады;

2) өзіне жүктелген міндеттерді атқара отырып, облыстар, Ақмола және Алматы қалалары бойынша, Қарулы күштердегі, өзге де әскерлер мен әскери құрамалардағы өзіне бағынысты бөлімшелерге, сондай-ақ оқу орындарына,

мекемелер мен ұйымдарға басшылықты қамтамасыз етеді, оның ерекше режимді және ерекше маңызды объектілерде, ірі қалалар мен аймақтарда өкілдіктері б о л а д ы .

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1997.05.15. N 3504 жарлығымен.

2. Мемлекеттік тергеу комитеті өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Республика Президентінің актілерін, өзге де заңдар мен осы Ережені басшылыққа алады.

3. Мемлекеттік тергеу комитеті өз жұмысын Қазақстан Республикасының басқа да құқық қорғау және өзге орталық атқарушы органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып құрады.

4. Мемлекеттік тергеу комитетінің және оған бағынысты органдардың қызметін қаржыландыру, олардың қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

5. Мемлекеттік тергеу комитеті заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген қазақ және орыс тілдерінде өз атауы жазылған мөрі болады.

II. Мемлекеттік тергеу комитетінің негізгі міндеттері

6. Мемлекеттік тергеу комитетінің негізгі міндеттері:

1) анықтау жүргізу, алдын ала тергеу, жедел іздестіру және заңмен Мемлекеттік тергеу комитетінің құзыретіне жатқызылған өзге де іс-әрекет арқылы қылмыстарды айқындау, ашу және тыйып тастау;

2) қылмысқа қарсы күрес саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу мен жүзеге асыруға қатысу;

3) қылмысқа қарсы күрес саласындағы халықаралық ынтымақтастық;

4) Комитетке бағынысты органдардың өздеріне жүктелген қызметтік міндеттерін орындау жөніндегі іс-әрекетіне ұйымдық, практикалық және әдістемелік басшылық жасау;

5) Комитет органдарының кадрларын даярлау және қайта даярлау, қызмет тәртібін нығайту;

6) Комитет органдарының қызметкерлерін, олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік және құқықтық жағынан қорғау болып табылады.

III. Мемлекеттік тергеу комитетінің негізгі функциялары

7. Мемлекеттік тергеу комитетінің негізгі функциялары:

1) қылмыстық ахуалды талдау және болжам жасау, қылмыс жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу және оларды жою жөнінде пәрменді шаралар әзірлеу;

2) Комитет органдары қызметінің басым бағыттарын айқындау, оларды жүзеге асырудың құқықтық, ұйымдық, экономикалық тетіктерін әзірлеу;

3) Комитет органдарының жедел іздестіру қызметін ұйымдастыру және жүзеге асырылуын бақылау, оларға практикалық және әдістемелік көмек көрсету ;

4) неғұрлым ауыр және күрделі, сондай-ақ кең қоғамдық серпін туғызған қылмыстар жөніндегі істерді тергеу, жедел іздестіру шараларын жүргізу;

5) орталықтандырылған криминалистік, жедел іздестіру және ақпараттық-анықтамалық есеп жүргізу;

6) Комитет органдары бөлімшелерінің жедел іздестіру қызметін жоспарлау және үйлестіру; Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен, Ұлттық қауіпсіздік комитетімен, Ішкі істер министрлігімен, сондай-ақ мемлекеттік комитеттерімен және өзге орталық атқарушы органдарымен өзара іс-қимыл ж а с а у ;

7) Комитет органдарының кадрларын іріктеу мен орналастыру және оларды о қ ы т у д ы ұ й ы м д а с т ы р у ;

8) Республика Президентінің қарауына Комитет органдарын қаржылық, кадрлық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету жөнінде ұ с ы н ы с т а р е н г і з у ;

9) құқық қорғау қызметінің мәселелері жөніндегі заң және өзге де нормативтік-құқықтық актілер жобаларын әзірлеуге қатысу;

10) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының қылмысқа қарсы күрес мәселелері жөніндегі халықаралық міндеттемелерін орындау, шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасау, халықаралық ұ й ы м д а р д ы ң қ ы з м е т і н е қ а т ы с у ;

11) Республика Президентінің қарауына Комитет органдарының қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу болып табылады.

8. Мемлекеттік тергеу комитеті өз құзыретінің шегінде нормативтік-құқықтық актілер оның қарауына жатқызған өзге де функцияларды орындайды.

IV. Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметін ұйымдастыру

9. Мемлекеттік тергеу комитетін Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындап, қызметтен босататын Төраға басқарады.

10. Мемлекеттік тергеу комитеті Төрағасының үш орынбасары болады, оларды оның ұсынысымен Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Президентінің 1997.05.15. N 3504 жарлығымен.

11. Мемлекеттік тергеу комитетінің Төрағасы:

1) Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметіне басшылық етеді және Комитеттің жұмысын ұйымдастыру мен оған жүктелген міндеттердің орындалуы үшін жеке-дара жауап береді;

2) Төраға орынбасарларына, құрылымдық бөлімшелер басшыларына жүктелетін тиісті міндеттерді анықтайды, олардың қызметінің реті туралы ережелерді бекітеді;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында, сондай-ақ халықаралық ұйымдарда және шетел мемлекеттерінің құқық қорғау органдарымен қатынастарда Комитеттің атынан өкілдік етеді;

4) өз құзыретінің шегінде бұйрықтар, өкімдер, нұсқаулар шығарады, Комитеттің құрылымына енгізілген қызметтер мен бөлімшелер туралы нұсқаулықтарды, басшылықтаманы, жарғыларды, ережелерді бекітеді;

5) бекітілген қаражат шегінде Комитет органдарының бөлімшелерін құрады және таратады, олардың құрылымын, штат саны мен еңбек ақы қорын анықтайды;

6) заңдарда белгіленген тәртіппен азаматтарды Мемлекеттік тергеу комитетіне қызметке қабылдайды, арнаулы және әскери атақтар береді;

7) Мемлекеттік тергеу комитеті департаменттерінің, бас басқармаларының, басқармаларының, бөлімдерінің бастықтары мен олардың орынбасарларын, оқу орындарының, мекемелердің, ұйымдардың бастықтары мен олардың орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

8) Мемлекеттік тергеу комитеті органдарының басқа да қызметкерлерін тағайындау тәртібін анықтайды;

9) Комитет пен оған бағынысты органдардың қызметкерлерін көтермелейді және тәртіптілік ретімен жаза береді;

10) Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметіне Комитет органдарының құқық қорғау қызметінің, ұйымдастыру-штат, кадр және материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелері бойынша ұсыныс енгізеді;

11) Қазақстан Республикасының Президентіне Комитет органдарының жоғары басшы құрамына атақтар беру және қызметкерлері мен қызметшілерін мемлекеттік наградалармен наградтау, сондай-ақ оларға құрметті атақтар беру туралы ұсыныс енгізеді;

12) Мемлекеттік тергеу комитетінің органдарын ұстауға республикалық бюджеттен бөлінген қаражат шегінде жұмсалатын қаржы, оның ішінде валюта қаржысын бөледі;

13) нормативтік актілермен өзіне берілген басқа да өкілеттіктерді жүзеге

а с ы р а д ы .

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгертілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1997.05.15. N 3504 жарлығымен.

12. Мемлекеттік тергеу комитетінің Төрағасы болмаған ретте оның міндеттерін Төрағаның тапсыруы бойынша орынбасарларының бірі атқарады.

13. Бағынысты органдардың қызметі үйлестірілуін қамтамасыз ету, жедел-қызмет жұмысының неғұрлым маңызды мәселелерін қарау, солар бойынша келісілген шешімдер қабылдау үшін Комитетте алқа құрылады, оның құрамында Комитеттің Төрағасы (алқаның төрағасы), оның орынбасарлары (лауазымы бойынша), сондай-ақ Мемлекеттік тергеу комитеті органдарының басқа да басшы қызметкерлері болады. Алқа құрамын Республиканың Президенті Комитет Төрағасының ұсынуы бойынша бекітеді.

Төраға мен алқа мүшелерінің арасында келіспеушілік болған жағдайда Төраға өз шешімін қабылдайды және туындаған келіспеушіліктер жайында Республиканың Президентіне хабарлайды. Алқа мүшелері өз пікірін Республиканың Президентіне баяндауға хақылы.

14. Мемлекеттік тергеу комитеті органдары қызметкерлерінің қызмет атқару тәртібі Республика Президенті бекітетін Ережемен анықталады.

V. Қазақстан Республикасы мемлекеттік тергеу комитетінің қызметін бақылау және қадағалау

15. Мемлекеттік тергеу комитетінің қаржы қызметін бақылауды заңдарда белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүзеге асырады.

16. Заңдар мен Республика Президентінің актілерін Мемлекеттік тергеу комитеті мен оның органдарының сақтауын қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры мен оған байланысты прокурорлар жүзеге асырады.